

Қарақия ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 27 наурыздағы № 72 "Қарақия ауданы бойынша 2020 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Маңғыстау облысы Қарақия ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 29 қыркүйектегі № 199 қаулысы. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2020 жылғы 1 қазанда № 4300 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" және 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңдарына сәйкес, Қарақия ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қарақия ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 27 наурыздағы № 72 "Қарақия ауданы бойынша 2020 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы" қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4171 болып тіркелген, 2020 жылғы 6 сәуірде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) келесідей өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Қарақия аудандық білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі (К.Беккалина) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, оның бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б.Тұяқовқа жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қарақия ауданының әкімі

Қ.Беков

Қарақия ауданы әкімдігінің
2020 жылғы 29 қыркүйегі
№ 199 қаулысына қосымша
Қарақия ауданы әкімдігінің
2020 жылғы 27 наурыздағы
№ 72 қаулысына қосымша

Қарақия ауданы бойынша 2020 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері

№	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарындағы топтар	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарындағы тәрбиеленушілердің саны		Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарында бір тәрбиеленушіге бір айда жұмсалатын шығындардың орташа құны, (теңге)		Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарында ата-ананың бір айдағы төлемақысының мөлшері, (теңге)	
Балабақша (жеке/ мемлекеттік)	Мектепке дейінгі шағын-орталық (мемлекеттік)	Балабақша (жеке/ мемлекеттік)	Мектепке дейінгі шағын-орталық (мемлекеттік)	Балабақша (жеке/ мемлекеттік)	Мектепке дейінгі шағын-орталық (мемлекеттік)		
1	1-ден 3-ке дейінгі топтар	375/78	78	31810	31116	12513	12513
2	4-тен 5-ке дейінгі топтар	150/90	0	31810	0	12513	0
3	6-дан 7-ге дейінгі топтар	426/0	0	31810	0	12513	0
4	10-нан және одан да көп топтар	840/0	0	31810	0	12513	0
	Барлығы	1791/168	78	х	х	х	х

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК